



АСТАНА

АҚШШАМЫ

Әлихан әлемі

Елордадағы Ұлттық академиялық кітапханада алаштың алып тұлғасы, көрнекті қоғам қайраткері Әлихан Бөкейхановтың 150 жылдық мерейтойына арналған «Әлихан Бөкейханов және ұлт руханияты» атты тақырыпта дөңгелек үстел мәжілісі өтті.



Биыл ЮНЕСКО Бас Конференциясының 38-інші сессиясының шешіміне сәйкес, Әлихан Бөкейхановтың мерейтойы аталған ұйымның мерейлі күндер күнтізбесіне енгізілді. Бұл – халқымыздың асыл перзентіне деген құрмет екендігі аян.

Сан қатпарлы тарихымызда ұлтымыз үшін басын бәйгеге тіккен талай-талай тарландар

болғанын білеміз. Әрине, олардың барлығын бөле-жарғымыз келмейді. Сонда да ХХ – ғасырдың белесінде Әлиханның есімі ерекшеленіп тұрады. Дәл осы ғасырда қазақтың басынан неше түрлі аумалы-төкпелі күндер өтті. Сол кезде елім деп, жерім деп жарғақ құлағы жастыққа тимеген Алаштың ақбоз азаматтары саясат сахнасына шықты. Енді олар найза мен қылыштың заманы өткендігін түсініп, бар қуат білім мен ғылымда екендігін сезініп, ұйқыда талмаусырап жатқан туған жұртының санасын оятуға бел буды. Сол үшін ағартушылық жұмыспен айналысты, газет шығарды, ақыры, көкірегі ояу саналы азаматтар бірігіп, «Алаш» қозғалысын құрды. Оның жетекшісі Әлихан Бөкейханов болды. Қошмұхаммед Кемеңгерұлы «Қазақ тарихынан» деп аталатын тарихи очеркінде: «Үкіметтің қара қуғын жасаған күндерінде айдауына да, абақтысына да шыдап, ел үшін басын құрбан қылған ат төбеліндей ғана азамат тобы болды. Бұл топты баулыған – Әлихан» деп жазады. Расында, арғы текті бабаларының ізін қуған атамыздың өзі де: «Тірі болсам, хан баласында қазақтың хақысы бар еді, халқыма қызмет қылмай қоймаймын» деп айтқан екен. Осы жолдан өлгенше тайған жоқ.

Әрине, біз шағын мақалада алып тұлғаның барлық өмір жолын айтып бере алмаймыз. Бірақ, туған халқының азаттығы үшін қуғыннан көз ашпаған асыл ердің елінің тәуелсіздігі үшін қандай ауыр қияметтерге басын тіге білгендігін баяндағымыз келді.

Игілікті шарада көрнекті қоғам қайраткерінің елдік мұраттары жайында айтқан ойлары көбірек қозғалды.

– Осы наурыз айының басында Түркияда іргетасын Мұстафа Ататүрік қалаған жоғары оқу орнында Әлихан Бөкейхановтың 150 жылдығына арналған халықаралық конференция өтті. Онда «Әлихан Бөкейхан. Alikhan Bukeikhan. Алихан Букейхан» атты үш тілде жарық көрген кітаптың тұсаукесері болды. Одан кейін асыл тұлғаның туған күнінде Мәскеудегі Қазақстанның елшілігінде қазақ жастары бас қосып, қайраткердің сүйегі жерленген жерге барып тағзым етті. Одан кейін де мерейтойға байланысты түрлі шаралар өткізілуде. Бүгін де жиынға алып тұлғаның қайраткерлігі жайында пікір алмасып, ой қорытсақ деген мақсатпен жиналып отырмыз, –

деді Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті жанындағы «Алаш» ғылыми-зерттеу институтының директоры Сұлтан Аққұлұлы. Сондай-ақ, әлихантанушы ғалым Бөкейхановтың болашақты бағдар тұтқан идеясы туралы сөз қозғады. Алаштанушы Тұрсын Жұртбай Әлиханның экономикалық, оның ішінде ауыл шаруашылығына байланысты айтылған ойларына тоқталды. Шерубай Құрманбайұлы қайраткердің шығармашылық қыры туралы парасатты сөз өрбітті. Ғалым Данагүл Махат та тұлға туралы байыпты ой айтты. Қысқасы, жиыннан Әлихан атамыздың мақсат-мұраты бір жаңғырғандай әсерде болдық.

Шара аясында «Алаш» ғылыми-зерттеу институты әзірлеген «Әлихан Бөкейхан. Alikhan Bukeikhan. Алихан Букейхан» атты кітабы Ұлттық академиялық кітапханаға сыйға тартылып, «Алаш қозғалысының көсемі» деп аталатын кітап және суретші Алмас Сырғабаевтың «Алаш ардақтыларына тағзым» атты сурет көрмесі ұйымдастырылды.

Азамат Есенжол